

Қостанай облысының Арқалық қаласын, Амангелді және Жангелдин аудандарын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 тамыздағы № 737 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 18 наурыздағы № 180 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.03.2026 № 180 қаулысымен.

Қостанай облысының Арқалық қаласын, Амангелді және Жангелдин аудандарын әлеуметтік-экономикалық дамытуды жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысының Арқалық қаласын, Амангелді және Жангелдин аудандарын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған кешенді жоспары (бұдан әрі – Кешенді жоспар) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдар, Қостанай облысының әкімдігі және мүдделі ұйымдар (келісу бойынша) Кешенді жоспарда көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін және жылдың қорытындысы бойынша 25 қаңтардан кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне олардың іске асырылу барысы туралы ақпарат беріп тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі жылдың қорытындысы бойынша 15 ақпаннан кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Үкіметіне Кешенді жоспардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат беріп тұрсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2023 жылғы 29 тамыздағы
№ 737 қаулысымен
бекітілген

Қостанай облысының Арқалық қаласын, Амангелді және Жангелдин аудандарын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған кешенді жоспары

Қостанай облысының Арқалық қаласын, Амангелді және Жангелдин аудандарын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған кешенді жоспары (бұдан әрі – Кешенді жоспар) өңірдің теңгерімді дамуын көздейді. Ол жалпы сомасы 504,3 миллиард теңге болатын 131 ұйымдастыру және іске асыру іс-шараларынан тұрады, олар республикалық, жергілікті бюджеттер шеңберінде және басқа да көздерді тарту есебінен қаржыландырылатын болады.

Іс-шаралардың жалпы санынан жеке инвестициялар есебінен іске асыру жоспарланып отыр (423,9 миллиард теңге немесе қаржыландырудың жалпы сомасының 84 %-ы);

республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен жалпы сомасы 80,5 миллиард теңгеге (республикалық бюджет – 59,4 миллиард теңге, жергілікті бюджет – 21 миллиард теңге) іске асыру жоспарланған.

Арқалық қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуы

Арқалық қаласы (бұдан әрі – қала) Қостанай облысының оңтүстігінде орналасқан, 1956 жылы құрылған. Қаланың аумағы 15,58 мың шаршы километрді құрайды. Қала Қостанай облысының Амангелді ауданымен, Ақмола облысының Жарқайың ауданымен, Ұлытау облысымен шектеседі.

Қала Орталық Қазақстанның дамуы үшін үлкен маңызға ие. Ұлытау тауларының солтүстік етегінде, Торғай бастауында орналасқан қала Торғай өзенінің бүкіл ағысындағы, сондай-ақ Арал маңындағы Қарақұмға дейінгі Ұлытау тауларының батыс сілемдеріндегі жалғыз ірі елді мекен болып табылады.

Бұл өңірдің дамуы Орталық және Батыс Қазақстан арасындағы үлкен алшақтықты жою, жалпы қазақстандық жолдар мен қалалар желісін қалыптастыру тұрғысынан үлкен маңызға ие.

Өңірдің мамандануы – өнеркәсіп секторы өңдеу өнеркәсібін, жылу энергиясын, электр энергиясын және суды өндіруді және таратуды құрайды; ауыл шаруашылығы мал шаруашылығын, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдейтін өсімдік шаруашылығын құрайды.

2022 жыл бойынша Арқалық қалалық әкімшілігінің өнеркәсіп өндірісінің көлемі 8,6 миллиард теңгені құрады. Өнеркәсіп өнімдерін өндіруді жалпы саны 1300-ден астам жұмыс орнымен 5 негізгі кәсіпорын: "Арқалық ЖЭК" КМК, "Костанайюжэлектросервис" МКМ, "Алюминстрой" ЖШС, "Арқалықремсервис" ЖШС, "Үміт" ЖШС жүзеге асырады.

Агроөнеркәсіптік кешен саласында 44 ЖШС және 315 шаруа қожалығы өз қызметін жүзеге асыруда, оның ішінде ірі ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер: жалпы саны 2400-ден астам жұмыскері бар "АСХОС" ЖШС, "ARQALYK QUS" ЖШС, "Село Восточное" ЖШС, "Арқалық сүт" ЖШС, "Торғай

Ет" ЖШС, "АБС Жаркөл" ЖШС, "Qaz-Qar Ltd-ХПП № 3" ЖШС және басқалар (тұрақты жұмыс орындары – 1820, көктемгі-далалық және күзгі-далалық жұмыстарды жүргізуге 650 жұмыс орны мөлшерінде маусымдық (уақытша) жұмыс орындары қосымша тартылады).

Ауыл шаруашылығында жалпы өнім шығару көлемі 20 млрд теңгені, өсімдік шаруашылығы – 12,4 миллиард теңгені, мал шаруашылығы – 7,6 миллиард теңгені құрайды.

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша мал басы 78 мың, ірі қара мал (бұдан әрі – ІҚМ) – 24 мың, жылқы – 11,4 мың, қой мен ешкі – 37 мың, шошқа – 6 мың басты құрады. Азық базасының көлемі 93 мың тоннаны құрайды.

Өңірде жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің (бұдан әрі – ШОБ) саны 2 мыңнан астам бірлікті құрайды, жұмыскерлер контингенті 4 мыңнан астам адамды құрайды. ШОБ субъектілерінің өнім шығару көлемі 15,5 миллиард теңгені құрады.

Жұмыс күшінің саны 14,3 мың адамды құрайды. 2023 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша қала халқының саны 38,3 мың адамды (оның ішінде қала – 28,8 мың адам, ауыл – 9,5 мың адам) құрады.

2022 жылғы аудан бойынша жұмыссыздық деңгейі 4,7 %-ды, оның ішінде жастар жұмыссыздығының деңгейі 3,3 %-ды құрады. 2022 жылдың қорытындылары бойынша жұмыссыз халық 678 адамды құрайды.

Бұл ретте жақын арадағы кезеңде шешілуі қажет мәселелер бар:

1. Қала экономикасын әртараптандыру мақсатында өнеркәсіптік және агроөнеркәсіптік салаларда жобаларды іске асыру жоспарлануда.
2. Қаланы сумен және жылумен қамтамасыз ету мәселесі өзекті болып отыр (бүгінгі күні су құбыры желілерінің тозуы 85 %-ды, кәріз желілері – 87 %-ды, жылу желілері – 85 %-ды, электрмен қамтамасыз ету – 85 %-ды құрайды, инженерлік желілердегі апаттық жағдайлардың деңгейі жоғары).
3. Қаланың автомобиль жолдарын реконструкциялау және орташа жөндеу қажеттігі бар. Қаланы ауылдық елді мекендермен байланыстыратын жергілікті маңызы бар жолдардың жалпы ұзындығынан 197,9 километр немесе 70,8 % жол қанағаттанарлықсыз жағдайда.
4. Жаңа мамандықтар мен оқыту бағдарламаларын ашу үшін, сондай-ақ білім алушы студенттер санын ұлғайту үшін Арқалық педагогикалық институтының инфрақұрылымын кеңейту және дамыту қажеттігі бар. Бүгінгі күні студенттер саны 2500 адамды құрайды.
5. Қаланың денсаулық сақтау мекемелерінің нашар материалдық-техникалық жабдықталуына, облыс орталығынан алшақтығына, сондай-ақ экологиялық жағдайдың нашарлауына байланысты 2022 жылдың қорытындысы бойынша нәрестелер өлім-жітімінің көрсеткіші 1000 адамға 12,57 құрады.

6. Халықтың дене шынықтырумен және спортпен қамтылудағы қажеттілігін толық қанағаттандыру үшін спорттық инфрақұрылымның тапшылығы бар. Бүгінгі таңда дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатындарды қамту 35 %-ды құрайды.

7. Қалада бүгінгі күні кезекші бөлімге шығарылатын 27 бейнебақылау камерасы бар (камералардың қолда бар саны қала аумағын бейнебақылаумен толық көлемде қамтуға мүмкіндік бермейді).

Қаланың қолданыстағы өрт сөндіру депосы 1973 жылы салынған ғимаратта орналасқан, жалпы ауданы 9026 шаршы метр, 1 бейімделген шығу, қызметтік-тұрмыстық және әкімшілік үй-жайлары бар. Гараж боксы өрт сөндіру техникасының санына сәйкес келмейді, түгін мұржасы жоқ.

Бұдан басқа, Кешенді жоспар соғыс уақытында жұмысын жалғастыратын азаматтық қорғаныс санатына жатқызылған паналайтын жерлерді ұйымдастыруды қамтиды. Қолданыстағы паналайтын жерлер қанағаттанарлықсыз жағдайда. Келесі бес жылдық кезеңде оларды сәйкестікке келтіру қажет.

Төтенше жағдайлар туындаған жағдайда – өмірі мен денсаулығына қауіп төнетін адамдарды уақтылы құлақтандыру ең бастысы болып табылады. Қалада құлақтандыру жүйесін қалалық басқару пультін енгізу адамдарды қауіп туралы алдын ала ескертуге мүмкіндік береді.

Қала жел энергиясының айтарлықтай ресурстарына ие және өзінің табиғи-климаттық сипаттамаларының арқасында жел энергиясын пайдалану бойынша елдегі жетекші орындардың біріне шыға алады.

Метеостанциялардың көпжылдық бақылауларын талдау қалада желдің орташа жылдық жылдамдығы 6 м/с болатын жел ағындары басым екендігін көрсетеді. Мұндай жел ағындары жел энергетикалық технологияларды дамытудың қазіргі деңгейінде қалада 2023 – 2027 жылдар кезеңінде 20 жұмыс орнын құра отырып, белгіленген қуаты 48 МВт жел электр станциясын салу үшін жоғарыда аталған артықшылықтарды экономикалық тұрғыдан негізді түрде пайдалануға мүмкіндік береді.

Қала экономикасын әртараптандырудың әлеуетті мүмкіндіктері республикалық маңызы бар "Жезқазған-Арқалық" және "Петропавл-Арқалық-Жезқазған" автожолдарының учаскесін реконструкциялаумен де байланысты (ұзындығы 329 километр, 20 жұмыс орнын құру).

Ұзындығы 205 километр болатын "Арқалық-Жезқазған" және ұзындығы 110 километр болатын "Арқалық-Державин" учаскелерінің жай-күйі қанағаттанарлық

емес, олар бойынша елдің оңтүстігімен, орталығымен және солтүстігімен байланыс жүзеге асырылады. Бұл мәселені шешу бизнес мүмкіндіктерінің спектрін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Жалпы, қала бойынша Кешенді жоспар республикалық, жергілікті бюджеттер шеңберінде және басқа да көздерді тарту есебінен қаржыландырылатын жалпы сомасы 443,7 миллиард теңгеге келесі 67 ұйымдастыру және іске асыру іс-шараларын көздейді:

13 іс-шараны жеке инвестициялар есебінен іске асыру жоспарлануда (375,3 миллиард теңге немесе қаржыландырудың жалпы сомасының 84,6 %-ы);

54 іс-шараны республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен жалпы сомасы 68,4 миллиард теңгеге іске асыру жоспарлануда (республикалық бюджет – 55,4 миллиард теңге, жергілікті бюджет – 13 миллиард теңге) жоспарланып отыр.

Амангелді ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы

Амангелді ауданы Қостанай облысының оңтүстігінде орналасқан, 1928 жылы құрылған. Ауданның аумағы 22,6 мың шаршы километрді құрайды. Аудан Арқалық қаласымен және төрт ауданмен (Науырзым, Жангелдин (Қостанай облысы), Жарқайың (Ақмола облысы), Ұлытау ауданымен (Ұлытау облысы) шектеседі.

Бұл ауданның дамуы Орталық және Батыс Қазақстан арасындағы үлкен алшақтықты жою, жалпықазақстандық жолдар мен қалалар желісін қалыптастыру тұрғысынан үлкен маңызға ие.

Ауданның мамандануы – ауыл шаруашылығы: мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы;

өнеркәсіп секторы: өңдеу өнеркәсібі, жылу энергиясы мен суды өндіру және тарату.

Өнеркәсіп өнімдерін өндіруді 70 жұмыс орны бар 2 кәсіпорын жүзеге асырады: "Аман-Су" МКК, "Алюминстрой" ЖШС. Аудан кәсіпорындары 2022 жылы 2,2 миллиард теңге сомасына өнеркәсіп өнімін өндірді. НКИ – 77,6 %.

Агроөнеркәсіптік кешен саласында 13 ЖШС және 544 шаруа қожалығы жұмыс істейді: жалпы саны 1465 астам жұмыскері бар "Нұрай-Н" ЖШС, "Нұрлы жол 2015" ЖШС, "СТУ-Агро" ЖШС, "Нур-Али 2030" ЖШС, "Табыс" ЖШС, "Сары Адыр KZ" ЖШС, "Ақсай 2030" ЖШС, "Батыр Агро2020" ЖШС, "Ерен Агро" ЖШС, "Зернотранс" ЖШС, "Евразия Инвест" ЖШС, "АБС Жаркөл" ЖШС, "Қайрат 2005" ЖШС (тұрақты жұмыс орындары – 1065, көктемгі дала және күзгі дала жұмыстарын жүргізуге саны 400 жұмыс орны болатын қосымша маусымдық (уақытша) жұмыс орындары тартылады). Оның ішінде мал шаруашылығымен 3 ЖШС және 346 ШҚ айналысады.

Өңірде өсімдік шаруашылығы айтарлықтай дамыған. Өсімдік шаруашылығымен айналысатын кәсіпорындар тұрақты дамуда, мал шаруашылығы саласын дамыту қажеттілігі бар.

2022 жылы аталған шаруашылықтардағы ІҚМ үлесі 57,3 %-ды немесе 47,2 мың басты құрайды.

Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі 38,6 миллиард теңгені құрайды.

ШОБ субъектілеріне 2 мың адам жұмылдырылған. 2022 жылы ШОБ субъектілері 2,1 миллиард теңге сомасына қызмет көрсетті. Салық аударымдарының сомасы 125,4 миллион теңгені құрайды.

Жұмыс күшінің саны – 8,4 мың адамды құрайды. 2022 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша Амангелді ауданының халық саны – 13,5 мың адамды құрайды.

2022 жылы аудан бойынша жұмыссыздық деңгейі – 4,7 %, оның ішінде жастар жұмыссыздығының деңгейі – 2,6 %-ды құрады. 2022 жылдың қорытындысы бойынша жұмыссыз халық саны – 291 адамды құрады.

Бұл ретте жақын арадағы кезеңде шешілуі қажет мәселелер бар:

1. Ауылдық елді мекендерді (бұдан әрі – АЕМ) сумен жабдықтау мәселесі өзекті болып отыр. Бүгінгі күні орталықтандырылған су беру жүйесімен 50 %-ға немесе 30 АЕМ ішінде 15 АЕМ қамтамасыз етілген.

2. Электр желілерінің қатты тозуына байланысты апаттық жағдайлардың жоғары деңгейі сақталуда. Электрмен жабдықтау желілерінің ұзындығы ӘЖ-10 кВ – 290,17 километр, ӘЖ-0,4 кВ – 171,5 километр. Физикалық тозу дәрежесі 85 %-ға жетті.

3. Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарына күрделі жөндеу жүргізу қажеттігі бар. Аудан орталығын ауылдық елді мекендермен байланыстыратын жолдардың жалпы ұзындығынан "Үрпек-Қабырға" және "Қарынсалды-Горняк" бағыттары бойынша 91 километр немесе аудандық маңызы бар автожолдардың жалпы ұзындығының 23 %-ы қанағаттанарлықсыз жағдайда. Қазіргі уақытта автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 396,6 километрді құрайды, оның ішінде жақсы және қанағаттанарлық жағдайда 219,7 километр немесе 55,4 %.

4. 2022 жылы өлім-жітім көрсеткіші 1000 адамға шаққанда 6,57 құрады (2021 жылы – 6,49), оның ішінде сәбилер өлім-жітімінің көрсеткіші – 16,33 (2021 жылы – 0). Көрсеткіштердің артуының негізгі себебі кадр тапшылығы болып табылады. Сондай-ақ денсаулық сақтау мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуды жалғастыру қажет.

5. Халықтың дене шынықтырумен және спортпен қамтылу қажеттілігін толық қанағаттандыру үшін спорттық инфрақұрылым тапшы. Бүгінгі таңда дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатындарды қамту 40,5 %-ды құрайды.

6. Ауданда бүгінгі күні кезекші бөлімге шығарылатын 18 бейнебақылау камерасы бар. Камералардың қолда бар саны қала аумағын бейнебақылаумен толық көлемде қамтуға мүмкіндік бермейді.

Бұдан басқа, Кешенді жоспар соғыс уақытында жұмысын жалғастыратын азаматтық қорғаныс санатына жатқызылған паналайтын жерлерді ұйымдастыруды қамтиды. Қолданыстағы паналайтын жерлер қанағаттанарлықсыз жағдайда. Келесі бес жылдық кезеңде оларды сәйкестікке келтіру қажет.

Төтенше жағдайлар туындаған жағдайда ең бастысы – өмірі мен денсаулығына қауіп төнетін адамдарды уақтылы құлақтандыру. Ауданда құлақтандыру жүйесін қалалық басқару пультын енгізу адамдарды қауіп туралы алдын ала ескертуге мүмкіндік береді.

Жалпы, Амангелді ауданы бойынша Кешенді жоспар республикалық, жергілікті бюджеттер шеңберінде және басқа да көздерді тарту есебінен қаржыландырылатын жалпы сомасы 23,3 миллиард теңгеге келесі 37 ұйымдастыру және іске асыру іс-шараларын көздейді:

13 іс-шараны жеке инвестициялар есебінен іске асыру жоспарлануда (20,3 миллиард теңге немесе қаржыландырудың жалпы сомасының 86,6 %-ы);

24 іс-шараны республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен жалпы сомасы 3 миллиард теңгеге іске асыру жоспарлануда (республикалық бюджет – 1,9 миллиард теңге, жергілікті бюджет – 1,3 миллиард теңге) жоспарланып отыр.

Жангелдин ауданын әлеуметтік-экономикалық дамыту

Жангелдин ауданы Қостанай облысының оңтүстік-батысында орналасқан, 1928 жылы құрылған. Ауданның аумағы 3759,6 мың шаршы километрді құрайды. Аудан Қостанай облысының Қамысты, Науырзым және Амангелді аудандарымен, Ақтөбе облысының Ырғыз және Әйтеке би аудандарымен және Ұлытау облысымен шектеседі.

Жангелдин ауданының жері негізінен Торғай даласы деп аталатын жартылай шөлейт даланы алып жатыр. Солтүстік-Батыс Торғай үстіртінің оңтүстік-батыс шетін қамтиды, онда теңіз деңгейінен 210-310 метр биіктікте бойлық бағытта Теке, Қызбел, Жыланды және Қарғалы таулары орналасқан. Рельефтің жалпы көлбеуі оңтүстік пен оңтүстік-батысқа бағытталған. Торғай және Ұлы Жыланшық өзендерінің бойында Тосын және Аққұм құмдары жатыр. Кен байлығынан құрылыс материалдарының кен орындары бар.

Жангелдин ауданында жолаушылар және жүк тасымалы Әуликөл – Жалдама – Торғай және Арқалық – Торғай облыстық маңызы бар автомобиль жолдары арқылы жүзеге асырылады.

Жангелдин ауданы мал шаруашылығы өнімін өндіру және оны одан әрі өңдеу үшін жеткілікті әлеуеті бар өңір.

Ауыл шаруашылығы: мал шаруашылығы, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдейтін өсімдік шаруашылығы, өнеркәсіп секторы – электр энергиясы мен суды бөлу. Өнеркәсіп өнімін өндіруді жалпы саны 100 жұмыс орнымен 2 негізгі кәсіпорын жүзеге асырады: "Коммуналдық шаруашылық кәсіпорны" МКК, "Костанайюжэлектросервис" Жангелдин ауданының электр желісі КМК.

Агроөнеркәсіптік кешен саласында 3 ЖШС және 193 ШҚ қызметін жүзеге асырады: жалпы саны 200-ден астам қызметкері бар "Жәнібек-Агрокомплекс" ЖШС, "Новонежинка" ЖШС, "Таңшолпан" ЖШС және тағы басқалары (тұрақты жұмыс орындары – 150, көктемгі далалық және күзгі далалық жұмыстарды жүргізуге 70 жұмыс орны көлемінде қосымша маусымдық (уақытша) жұмыс орындары тартылады).

Оның ішінде мал шаруашылығымен 2 ЖШС және 172 ШҚ айналысады.

Өңірде өсімдік шаруашылығы айтарлықтай дамыған. Өсімдік шаруашылығымен айналысатын кәсіпорындар тұрақты дамуда, мал шаруашылығы саласын дамыту қажеттілігі бар.

Жұмыс күшінің саны – 7,5 мың адамды құрайды. 2022 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша Жангелдин ауданының халық саны – 10,8 мың адамды құрайды.

2022 жылы аудан бойынша жұмыссыздық деңгейі – 4,6 %-ды, оның ішінде жастар жұмыссыздығының деңгейі – 2,2 %-ды құрады. 2022 жылдың қорытындылары бойынша жұмыссыз халық саны – 289 адамды құрады.

Бұл ретте таяу кезеңде шешілуі қажет проблемалар бар:

1. Ауданның өнеркәсібі нашар дамыған, аудан аумағында ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар жоқ, сондықтан экономиканың қалыптасқан құрылымын өзгертуге мүмкіндік беретін инвестициялық жобалар қажет. Оны Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыру арқылы ғана өзгертуге болады. Бағдарламаның басты мақсаты – өңдеу өнеркәсібінің үлесін ұлғайту, технологиялық және техникалық артта қалушылықты еңсеру. 2022 жылы аудан бойынша 148 миллион теңге сомасына өнеркәсіп өнімі өндірілді және өнеркәсіптік өндіріс индексі 101,7 %-ды құрады.

2. Аудан экономикасындағы шағын және орта бизнестің үлесі жыл сайын артып келеді. Қазіргі уақытта 617 шағын және орта бизнес субъектінде (жұмыс істеп тұрған) 802 адам жұмыс істейді. Өнім шығару көлемі 451 миллион теңгені құрады. Ауданда инвестициялық жобаларды іске асыру есебінен шағын орта бизнесті одан әрі дамыту қажет.

3. Мал басы мен өнімділігін арттыру үшін негізгі факторлар табиғи-климаттық жағдайлар болып табылады. 2020 жылы жаздың

құрғақшылығына байланысты ұсақ мал басы мен астық өнімділігі 25-30 %-ға төмендеді. Осы факторларға қарамастан, ауданның ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілері техниканы кеңейту және жаңарту, мал басын ұлғайту және тағы басқалары үшін мемлекеттік кредиттеу бағдарламаларына қатысады. Мәселен, 2022 жылы ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі 20,9 миллиард теңгені, оның ішінде: өсімдік шаруашылығы – 7,4 миллиард теңгені, мал шаруашылығы – 13,5 миллиард теңгені құрады. Барлық шаруашылық түрлері бойынша мал басының саны – 188,0 мың басты, оның ішінде ІҚМ – 38,7 мың басты, жылқы – 16,3 мың басты, қой мен ешкі – 60,7 мың басты, құс – 72,3 мың басты құрады.

4. 2022 жылы өлім-жітім көрсеткіші 1000 адамға шаққанда 6,80 құрады (2021 жылы – 7,24), оның ішінде нәресте өлім-жітімінің көрсеткіші – 16,04 (2021 жылы – 9,26). Өлім-жітім көрсеткіші ұлғаюының негізгі себептері кадрлар тапшылығы болып табылады, сондай-ақ денсаулық сақтау мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуды жалғастыру қажет.

5. Ауданның орталықтандырылмаған елді мекендерін сапалы сумен жабдықтау жүйесімен қамтамасыз ету мәселесі өзекті болып отыр. Бүгінгі күні орталықтандырылған сумен жабдықтаумен 22 АЕМ-нен 50 % немесе 11 АЕМ қамтылған.

6. Ауданның автомобиль жолдарын реконструкциялау және орташа жөндеу қажеттігі бар. Ауданды ауылдық елді мекендермен байланыстыратын жергілікті маңызы бар жолдардың жалпы ұзындығының 320,4 километрі немесе 51 %-ы қанағаттанарлықсыз жағдайда.

7. Ауданда бүгінгі күні кезекші бөлімге шығарылатын 16 бейнебақылау камерасы бар. Камералардың қолда бар саны қала аумағын бейнебақылаумен толық көлемде қамтуға мүмкіндік бермейді.

Бұдан басқа, Кешенді жоспар соғыс уақытында жұмысын жалғастыратын азаматтық қорғаныс санатына жатқызылған паналайтын жерлерді ұйымдастыруды қамтиды. Қолданыстағы паналайтын жерлер қанағаттанарлықсыз жағдайда. Келесі бес жылдық кезеңде оларды сәйкестендіру қажет.

Төтенше жағдайлар туындаған жағдайда ең бастысы – өмірі мен денсаулығына қауіп төнетін адамдарды уақтылы құлақбандыру. Ауданда құлақтандыру жүйесін қалалық басқару пультін енгізу адамдарды қауіп туралы алдын ала ескертуге мүмкіндік береді.

Жалпы, Жангелдин ауданы бойынша Кешенді жоспар республикалық, жергілікті бюджеттер шеңберінде және басқа да көздерді тарту есебінен қаржыландырылатын жалпы сомасы 37,3 миллиард теңгеге келесі 27 ұйымдастыру және іске асыру іс-шараларын көздейді:

9 іс-шараны жеке инвестициялар есебінен іске асыру жоспарлануда (28,3 миллиард теңге немесе қаржыландырудың жалпы сомасының 74,5 %-ы);

18 іс-шараны республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен жалпы сомасы 9 миллиард теңгеге (республикалық бюджет – 2,1 миллиард теңге, жергілікті бюджет – 6,9 миллиард теңге) жоспарланып отыр.

Р/с №	Атауы	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар	Қаржыландыру көлемі, млн теңге*	Қаржыландыру көздері
-------	-------	---------------	-----------------	----------------------	---------------------------------	----------------------

1	2	3	4	5	6	7
Арқалық қаласы бойынша күтілетін нәтижелер:						
1.	Өнеркәсіп өндірісінің көлемін 9,5 миллиард теңгеге дейін ұлғайту, оның ішінде өңдеу өнеркәсібінде – кемінде 57 %. Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемінің 365,7 миллиард теңгеге дейін өсуі, 2,4 мыңнан астам тұрақты жұмыс орындарын құру. Бұл көрсеткіштерге қол жеткізу, оның ішінде негізгі өлшемшарты электр энергиясының тіркелген тарифі болатын Арқалық қаласының индустриялық аймағын құру нәтижесінде мүмкін болады.					
2.	Шағын және орта бизнес субъектілеріне мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну шеңберінде жұмыс істеп тұрған субъектілер санын 2,4-ден 2,5 мың бірлікке дейін ұлғайту, өнім шығарудың 11,8-ден 15,8 миллиард теңгеге дейін өсуін қамтамасыз ету, сондай-ақ жұмыспен қамтылғандар санын 4-тен 4,7 мың адамға дейін ұлғайтуды қамтамасыз ету жоспарлануда, 664 жұмыс орны құрылады, оның ішінде тұрақты жұмыс орындары – 400.					
3.	Агроөнеркәсіптік кешенде жоспарланған іс-шаралар: мал басын 94 мың басқа дейін немесе 20 %-ға, тиісінше сүт және ет өндірісін арттыруға; жемшөп базасының көлемін 100 мың тоннаға дейін немесе 8 %-ға, оның ішінде жылдық және көпжылдық шөптерді ұлғайту есебінен арттыруға; ауыл шаруашылығындағы жалпы өнім шығару көлемін 21 миллиард теңгеге дейін немесе 5 %-ға, оның ішінде инвесторларды тарта отырып, өсімдік және мал шаруашылығында ұлғайтуға мүмкіндік береді.					
4.	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін желілердің тозуын азайтуға мүмкіндік беретін 17 жобаны іске асыру көзделген, оның ішінде су құбыры желілері 51,9 %-ға, кәріз желілері 10 %-ға, жылу желілері – 40 %-ға, электрмен жабдықтау – 75 %-ға дейін.					
5.	Инженерлік және көлік инфрақұрылымында 42,5 километр жолды жөндеу нәтижесінде тиісінше жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесі 44,4 %-ға дейін жеткізілетін болады.					
6.	"Жайлы мектептер" ұлттық жобасы шеңберінде 2023 жылы қалада 300 орындық жалпы білім беретін мектеп салу жоспарлануда. Мектептің жұмыс істеуі үшін инженерлік коммуникацияларды жүргізу қажет, осыған байланысты жобаны іске асыру 300 орындық жалпы білім беретін мектепті қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Инфрақұрылымды кеңейту және дамыту жаңа мамандықтар мен оқыту бағдарламаларын ашуға, сондай-ақ білім алатын студенттер санын 2,5 мыңнан 5 мың студентке дейін ұлғайтуға, сол арқылы өңірді жастар ағынымен және білікті кадрлармен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.					
	Денсаулық сақтау саласында денсаулық сақтау мекемелерін материалдық-техникалық жарактандыру көрсетілетін медициналық қызметтің сапасын жақсартуға, сондай-ақ туу					

7.	көрсеткішінің 0,1 %-ға өсуін және өлім-жітімінің 0,5 %-ға төмендеуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.
8.	Спорт объектісіне күрделі жөндеу жүргізу, сондай-ақ 9 шағын футбол алаңы мен воркаут-алаңдар орнату дене шынықтырумен және спортпен шұғылданушыларды қамтуды 50 %-ға дейін арттырады. Кешенді жоспарды іске асыру қызметтің әртүрлі салаларында 3 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын құруды қамтамасыз етеді, инженерлік инфрақұрылымды дамытуға ықпал ететін болады, бұл өңірге қосымша білікті еңбек ресурстарын тартуға мүмкіндік береді және өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына пайдалы әсер етеді. Жұмыссыздық деңгейі – 4,7 %-дан 4,2 %-ға, оның ішінде жастар жұмыссыздығы – 3,3 %-дан 2,8 %-ға төмендейді.
Амангелді ауданы бойынша күтілетін нәтижелер:	
1.	Өнеркәсіп өндірісінің көлемін 2,8 миллиард теңгеге дейін ұлғайту, оның ішінде өңдеу өндірісінде – кемінде 85 %. Өнеркәсіпті "Аман-Су" КМК (жылу мен суды бөлу) және "Алюминстрой" ЖШС (Амантоғай ауылындағы асфальт зауыты) құрайды. Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемінің 23 миллиард теңгеге дейін өсуі, 350-ден астам тұрақты жұмыс орындарын құру.
2.	Шағын және орта бизнес субъектілеріне мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну шеңберінде жұмыс істеп тұрған субъектілер санын 1,1-тен 1,2 мың бірлікке дейін ұлғайту, өнім шығарудың 2,1-ден 2,3 миллиард теңгеге дейін өсуін қамтамасыз ету, сондай-ақ жұмыспен қамтылғандар санын 2 мыңнан 2,5 мың адамға дейін артуын қамтамасыз ету жоспарлануда, 400 жұмыс орны, оның ішінде тұрақты 350 жұмыс орны ашылатын болады.
3.	Агроөнеркәсіптік кешенде жоспарланған іс-шаралар мыналарды ұлғайтуға мүмкіндік береді: ІҚМ басын сатып алу және мал бордақылау алаңдарын салу есебінен мал басы 10 %-ға артады, демек, сүт пен ет өндірісі артады; ауыл шаруашылығындағы жалпы өнім шығару көлемі 10 %-ға, оның ішінде егіс алқаптарын жыл сайын 0,8 мың гектарға және мал басын ұлғайту есебінен инвесторларды тарта отырып, өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығында өседі.
4.	Көлік инфрақұрылымында жол жөндеу нәтижесінде тиісінше жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесі 57,3 %-ға немесе 227,3 километрге дейін жеткізілетін болады.
5.	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін желілердің тозуын 10 %-ға азайтуға, 2 мың адамды үздіксіз сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін 4 жобаны іске асыру көзделген.
6.	Денсаулық сақтау саласында мекемелерді материалдық-техникалық жарақтандыру сапалы медициналық қызметтің қолжетімділігі нәтижесінде туу көрсеткішінің 0,1 %-ға өсуін және өлім-жітімінің 0,2 %-ға төмендеуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. 2023 жылдан 2027 жылға дейін тұрғын үймен қамтамасыз етуге жәрдемдесу есебінен шамамен 8 білікті маман тартылатын болады.
7.	Спорт саласында спорт алаңы мен кешен салу ауданда дене шынықтырумен және спортпен шұғылданушыларды қамтуды 50 %-ға дейін жеткізуге мүмкіндік береді. Кешенді жоспарды іске асыру қызметтің әртүрлі салаларында 400-ге жуық жаңа жұмыс орнын ашуды қамтамасыз етеді, инженерлік инфрақұрылымды дамытуға ықпал ететін болады, бұл өңірге қосымша білікті еңбек ресурстарын тартуға мүмкіндік береді және өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына пайдалы әсер етеді. Жұмыссыздық деңгейі – 4,7 %-дан 4,2 %-ға, оның ішінде жастар жұмыссыздығы – 2,6 %-дан 2,2 %-ға төмендейді.
Жангелдин ауданында күтілетін нәтижелер:	
1.	Өнеркәсіп өндірісінің көлемін 400,2 миллион теңгеге дейін ұлғайту, оның ішінде өңдеу өндірісінде – кемінде 7 %. Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемінің 240 миллион теңгеге дейін өсуі, 200 тұрақты жұмыс орындарын құру.

2.	Шағын және орта бизнес субъектілеріне мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну аясында жұмыс істеп тұрған субъектілер санын 617-ден 750 бірлікке дейін арттыру, өнім шығарудың 451-ден 900 миллион теңгеге дейін, сондай-ақ жұмыспен қамтылғандар санының 802-ден 850 адамға дейін артуын қамтамасыз ету жоспарлануда, 298 жұмыс орны, оның ішінде 189 тұрақты жұмыс орны құрылатын болады.
3.	Агроөнеркәсіптік кешенде жоспарланған іс-шаралар: мал басын 10 %-ға ұлғайтуға мүмкіндік береді, сондықтан сүт пен ет өндірісі артады; жемшөп базасының көлемін 6 %-ға, оның ішінде жылдық және көпжылдық шөптердің артуы есебінен; ауыл шаруашылығындағы жалпы өнім шығару көлемін 8 %-ға, оның ішінде инвесторларды тарта отырып, өсімдік шаруашылығында 6 %-ға және мал шаруашылығында 10 %-ға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Аудан ауыл шаруашылығы өңірі болып табылатынына байланысты ауыл шаруашылығы өнімдері мен мал шаруашылығын қайта өңдеуді дамытудың үлкен әлеуетіне ие. Мәселен, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін және мал шаруашылығын дамытатын ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының субъектілері бар. Бұл аудандағы негізгі бағыттардың бірі – ауыл шаруашылығы және мал шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу пункттерін ұйымдастыру болуы мүмкін. Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі мақсаты – халықтың лайықты өмір сүру жағдайларын, ауданның тарихи-мәдени әлеуетін сақтау мен дамытуды қамтамасыз ететін тұрақты, үнемі дамып отыратын экономика құру болып табылады.
4.	Инженерлік және көлік инфрақұрылымында 100 километр жолды жөндеу нәтижесінде тиісінше жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесі 67 %-ға дейін жеткізілетін болады.
5.	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін 2 АЕМ (839 адам) орталықтандырылған сумен қамтамасыз етуге, сондай-ақ ауданның барлық АЕМ (10,8 мың адам) үздіксіз сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін 3 жобаны іске асыру көзделген.
6.	Денсаулық сақтау саласында денсаулық сақтау мекемелерін материалдық-техникалық жарақтандыру сапалы медициналық қызметтің қолжетімділігі нәтижесінде туу көрсеткішінің 0,5 %-ға өсуін және өлім-жітімінің 0,4 %-ға төмендеуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. 2023 – 2027 жылдар аралығында тұрғын үймен қамтамасыз етуге жәрдемдесу есебінен шамамен 15 білікті маман тартылатын болады. Кешенді жоспарды іске асыру қызметтің әртүрлі салаларында 400-ге жуық жаңа жұмыс орнын ашуды қамтамасыз етеді, инженерлік инфрақұрылымды дамытуға ықпал ететін болады, бұл өңірге қосымша білікті еңбек ресурстарын тартуға мүмкіндік береді және өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына пайдалы әсер етеді. Жұмыссыздық деңгейі – 4,6 %-дан 4,1 %-ға, оның ішінде жастар жұмыссыздығы – 2,2 %-дан 2 %-ға төмендейді.

1. Аудандық ортаны жоспарлау

Амангелді ауданы

Амангелді ауданының 10 ауылы бойынша ж е р учаскелеріне төлемақының базалық мөлшерлемелеріне түзету	2023 жылғы IV тоқсан	5,7
	2024 жылғы IV тоқсан	5,7
	2025 жылғы IV тоқсан	5,7
	2026 жылғы IV тоқсан	5,7

<p>1.</p> <p>коэффициенттерін белгілей отырып, елді мекендердегі бағалау аймақтары шекараларының схемаларын әзірлеу</p> <p>2023 жыл – Амангелді ауылы</p> <p>2024 жыл – Амантоғай, Үрпек ауылдары</p> <p>2025 жыл – Байғабыл, Қарасу ауылдары</p> <p>2026 жыл – Қабырға, Құмкешу ауылдары</p> <p>2027 жыл – Тасты, Үштоғай, Ақсай ауылдары</p>	<p>орындалған жұмыстар актісі</p>	<p>2027 жылғы IV тоқсан</p>	<p>Қостанай облысының әкімдігі</p>	<p>8,5</p>	<p>ЖБ</p>
<p>Жангелдин ауданы</p>					
	<p>21 ауыл (Ақшығанақ, Түйемойнақ, Тәуіш, Сарысу, Токанай, Тентексай, Сужарған, Қалам-Қарасу, Шұбалаң, Көкалат, Көлқамыс, Аралбай, Ақкөл, А. Байтұрсынұлы, Шеген, Саға, Бидайық, Ұзынқарасу</p>				

2.	, Ошағанды, Шилі, Милысай) бойынша елді мекендерде жер учаскелеріне төлемақының базалық мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттерін белгілей отырып, бағалау аймақтары шекараларының схемаларын әзірлеу	орындалған жұмыстар актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	22,4	ЖБ
2. Экономиканың нақты секторы						
2.1. Өнеркәсіп және инвестициялар						
Арқалық қаласы						
3.	Арқалық қаласында өнімділігі жылына 400 куб метр Ақжал кен орнының нефритоидтарының өңдейтін зауыт салу және 200 мың шаршы метр қаптама тақташасын және 10 мың дана әртүрлі бұйымдарды ала отырып, 100 жұмыс орнын құру	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2025 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	1 075	БК
	Арқалық қаласында					

4.	құрылыс кезеңінде жыл сайын 60 жұмыс орнын, пайдалану кезеңінде 20 жұмыс орнын құра отырып, белгіленген қуаты 48 МВт жел электр станциясын салу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2027 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	24 300	БК
5.	620 жұмыс орнын құра отырып, отқа төзімді сазды өндіру және жерде сирек кездесетін шикізатты өңдеу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2027 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	7450	БК
6.	1200 жұмыс орнын құра отырып, Маятас кластерінің кен орындарын геологиялық зерделеу және тау-кен байыту комбинатын салу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2027 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	315 000	БК
7.	Арқалық қаласының ауданында 450 жұмыс орнын құра отырып, тау-кен байыту комбинатын салу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2027 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	17 852	БК
	Ақбұлақ учаскесінде жерде сирек		2023 жылғы IV тоқсан		175	

8.	кездесетін металдарды іздеу жұмыстары	ИИДМ-ге ақпарат	2024 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	70	РБ
Амангелді ауданы						
9.	350 жұмыс орнын құра отырып, құрамында алтын бар полиметалл кендерін өңдеу фабрикасын салу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2025 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	5 000	БК
			2026 жылғы IV тоқсан		5 000	
			2027 жылғы IV тоқсан		5 000	
10.	Амантоғай ауылында 4 жұмыс орнын құра отырып, автожанармай құю станциясын салу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2024 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	100	БК
Жангелдин ауданы						
11.	Шилі ауылдық округінде 350 жұмыс орнын құра отырып, тау-кен байыту комбинатын салу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2027 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	16 700	БК
2.2. Кәсіпкерлік						
Арқалық қаласы						
12.	30 жұмыс орнын құра отырып, қуаты айына 7 мың дана конвейерлік роликтер шығару	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	159	БК
	Арқалық қаласында 100 жұмыс орнын құра отырып, 2	объектіні пайдалануға	2024 жылғы			

13.	қабатты сауда ойын-сауық орталығын салу	қабылдау актісі	IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	400	БК
14.	50 жұмыс орнын құра отырып, 3 қабатты тұрмыстық әкімшілік орталық салу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	200	БК
15.	"Көктау ауылында 2500 басқа арналған асыл тұқымды репродуктор салу" жобасына инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым жүргізу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2026 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі, ҰЭМ	126,9	РБ
					14,1	ЖБ
16.	Су бұру жүйесінің сыртқы желілерін салу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2026 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі, ҰЭМ	343,3	РБ
					38,1	ЖБ
Амангелді ауданы						
17.	Амангелді ауылында 9 жұмыс орнын құра отырып, кеспетастар өндіру цехын ашу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2023 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	5	БК
			2024 жылғы IV тоқсан		3	
18.	Амангелді ауылында 2 тұрақты жұмыс орнын құра отырып, көпфункционалды туристік кешен салу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2025 жылғы IV тоқсан	Қостанай облысының әкімдігі	2 645	БК
Жангелдин ауданы						

